- зат есімнің сын есімнің тобына ауысуы: *исходящий документ – шығыс құжат*.

Бір әдіспен аударылатын сөздер

1 **-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтары арқылы жасалған қазақ тіліндегі сын есімдер**

Қазақ тілінде **-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті** жұрнақтары бар сөздер қатыстық сын есімдер болып табылады. Олар мағыналары бір-бірімен тығыз байланысты болып қалатын және **осы қасиеті толықтай сіңген** мағынаға ие болатын зат есімдерден жасалған. Мысалы, суы көп жерді «*су**лы***», мұнайы бар жерді «*мұнай**лы***» дейді. Осылайша елді мекендерге де атаулар берілді: Жабайы алма ағаштары көп өскен *Алма**лы***; шөбінен арқан, «кендір жіп» жасалған *Кендір**лі***; қараған бұтасы өскен жер *Қараған**ды***. Сонымен қазақ тіліндегі **-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті** жұрнағы арқылы жасалған жаңа сын есімдер заттың сипаттайтын белгісінің мағынасын білдіреді. Мысалы, ***өнімді, пайдалы*** және т. б.

Договорная цена	Келісім**ді** баға
Заинтересованные организации	Мудде**лі** ұйымдар
Комплексная проверка	Кешен**ді** тексеру
Многоотраслевый комплекс	Көпсала**лы** кешен
Недостоверные сведения	Күмән**ді** мәліметтер
Оперативная память	Оператив**ті** жад
Оперативное управление	Оператив**ті** басқару
Продуктивная отрасль	Өнім**ді** сала
Рентабельное предприятие	Пайда**лы** кәсіпорын
Уполномоченный представитель	Уәкілет**ті** өкіл
Целевые вклады	Мақсат**ты** салымдар

Словесно-цифровой способ написания даты используют в документах, которые касаются прав и **законных** интересов граждан.	Датаны сөз бен цифр тәсілімен жазу азаматтардың құқықтары мен **заңды** мүдделеріне қатысты құжаттарда қолданылады.

2 -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнақтары арқылы жасалатын қазақ тіліндегі сын есімдер

Қазақ тілінде **-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік** жұрнақтары бар сын есімдер салыстырмалық дәрежесі жоқ қатыстық сын есімдер болып табылады. Олар басыңқы зат есім сөзінің мағынасына сипаттау мағысын береді, бірақ сонымен бірге өз мағынасында заттық мағынасын сақтайды. Сын есімді қазақ тіліне аударғанда, мағыналық реңкті анықтауда **екі затты сезгендей боламыз, бірақ заттардың бірі екіншісінің сипаттамасы болып табылады**. Мысалы, «*нормативтік, заңдық, банктік, қаржылық, әкімшілік, аумақтық, үлгілік*» қатыстық сын есімдер **сипаттама белгісі бар заттық мағынаға ие**, сондықтан олар **-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік** жұрнақтарымен қолданылады.

Словесно-цифровой способ написания даты используют в **нормативных правовых** актах, **правовых** актах, протоколах, **банковских и финансовых** документах, документах касающихся прав и законных интересов граждан, при ссылке на **нормативные правовые** акты и оформляют следующим образом «05 апреля 2022 года».	Датаны сөз бен цифр тәсілімен жазу **нормативтік құқықтық, құқықтық** актілерде, хаттамаларда, **банктік** және қаржылық құжаттарда, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін анықтайтын құжаттарда, **нормативтік құқықтық** актілерге сілтеме жасағанда қолданылады және «2022 жылғы 05 сәуір» деп ресімделеді.
Если содержание дела касается одной **административно-территориальной** единицы (населённого пункта), её (его) название указывают в заголовке дела.	Егер істің мазмұны бір **әкімшілік-аумақтық** бірлікке (елді мекенге) қатысты болса, онда істің тақырыбында оның атауы көрсетіледі.

Долевое обязательство	Үлес**тік** міндеттеме
Инфляционная активность (-ое давление)	Инфляция**лық** белсенділік (қысым)
Календарный год	Күнтізбе**лік** жыл
Коммерческий банк	Коммерция**лық** банк
Коммунальное хозяйство	Коммунал**дық** шаруашылық
Материальная мотивация	Материал**дық** ынталандыру
Операционная система	Операция**лық** жүйе
Подрядный договор (услуги)	Мердігер**лік** шарт (талаптар)
Предпринимательский потенциал	Кәсіпкер**лік** әлеует
Резервный склад	Резерв**тік** қойма
Сезонное снижение	Маусым**дық** төмендеу
Социальные слои (обязательства)	Әлеумет**тік** топтар (міндеттемелер)
Фискальная политика	Фискал**дық** саясат
Экономический показатель (условия, политика, рост)	Экономика**лық** көрсеткіш (жағдай, саясат, өсу)

3 Қазақ тіліндегі ілік септіктің изафет формасы арқылы ғана жасалған зат есімдер (тұрақты тіркестер)

Орыс тілінің заттық мағынадағы сын есімдері қазақ тіліне жасырын жалғауы бар **ілік септіктің** изафет формасы арқылы аударылады. Мысалы, «*тендерная документация – тендр құжаттамасы*» деген тіркестің мағынасын түсінгенде, ойымызға «тендер» және тендерді өткізуге қажетті «құжаттама» келеді. «Тендерный» сын есімін «**тендерлік**» немесе «**тендерлі**»

түрінде қолданбаңыз, өйткені олардың мағыналарында бұл тіркесте жоқ белгінің реңкі бар, мұнда «*тендер*» және «*құжаттама*» **екі заттық мағына** қолданылады.

Мысалы, «*штатное расписание – штат кестесі, печатно-бланочная продукция – баспа-бланк өнімдері*» деген тіркестер **заттық мағынаға** ие – бұл ұйым штатының кестесі, баспаға арналған бланкілер, сондықтан бұл тіркестерді аударғанда, **жасырын жалғауы бар ілік септік формасын** қолданады.

Планы, отчёты, сметы, лимиты и **штатные расписания** формируют в соответствующие дела того года, на который или за который они составлены, независимо от даты их составления, утверждения или поступления.	Жоспарлар, есептер, сметалар, лимиттер және **штат кестелері** олар жасалған, бекітілген немесе түскен күніне қарамастан, қай жылға немесе қай жыл үшін жасалған болса, сол жылдың тиісті істерінде қалыптастырылады.
Учёт печатно-бланочной продукции, подлежащей защите и выдачу ведут в журнале учёта и выдачи **печатно-бланочной** продукции, подлежащей защите.	Қорғауға жататын баспа-бланк өнімдерін есепке алу және оларды беру қорғауға жататын **баспа-бланк** өнімдерін есепке алу мен беру журналында жүргізіледі.

Ілік септік тұлғасындағы сөздер: *ақша**ның**, сәйкестендіру**дің**, тарату**дың**, сақтандыру**дың**, тендер**дің**, көмір**дің*** сөз тіркестерінде жасырын жалғауларымен жазылады, **тұрақты тіркестер** болып табылады, өйткені ілік септік тұлғасындағы сөздерге тән айқын иелік мағынасы жоқ. Бірақ негізгі сөздер: *мәселе**сі**, нөмі**рі**, комиссия**сы**, жарна**сы**, құжаттама**сы**, кеше**ні*** 3-жақтың **-сы, -сі, -ы, -і** тәуелдік жалғаулары арқылы қолданылады.

Денежный вопрос	Ақша мәселе**сі**
Идентификационный номер	Сәйкестендіру нөмі**рі**
Ликвидационная комиссия	Тарату комиссия**сы**
Страховой взнос	Сақтандыру жарна**сы**
Тендерная документация	Тендер құжаттама**сы**
Угольный комплекс	Көмір кеше**ні**

4

Зат есімдердің басқа сөз таптарына (сын есімдерге) айналуы

Қазақ тіліндегі кейбір зат есімдер сын есімдер разрядына айналады. Мысалы, мына сөйлемде: *Золото – драгоценный металл. Алтын – құнды металл*. «*Алтын – золото*» сөзі зат есім болса, «*алтын монета – золотая монета*» тіркесінде «*алтын*» сөзі сын есім болып табылады. Бұл тіркестегі «*алтын*» сөзі сын есім болғандықтан, 3-жақтың тәуелдік жалғауы «*монета*» сөзіне жалғанбайды.

Төменгі кестедегі «*бөлшек, көтерме, күміс, темір*» сөздері сын есім қызметін атқарады:

Железный инструмент	Темір құрал
Металлические изделия	Металл бұйымдар
Оптовая цена	Көтерме баға
Розничная торговля	Бөлшек сауда
Серебряная монета	Күміс монета

«*Входящая и исходящая документация – кіріс және шығыс құжат*», «*графитовый карандаш – графит қарындаш*» тіркестерінде «*шығыс, кіріс, графит*» сын есімдері «*күміс қасық, металл шкаф, ағаш есік*» тіркестеріндегідей сын есімдер. Бұл сын есімдердің жұрнақтары да, жалғаулары да жоқ. **Қазақ тілінде сын есім өзгермейтін сөз табы болып табылады**.

Прохождение внутренних документов на этапах их подготовки и оформления должно соответствовать прохождению **исходящих документов** на этапе исполнения **входящих документов**.	Ішкі құжаттардың өтуі оларды дайындау мен ресімдеу сатыларында **шығыс құжаттардың** өтуіне, ал орындалу сатысында **кіріс құжаттардың** өтуіне сәйкес болуға тиіс.
Листы нумеруются чёрным, мягким, **графитовым карандашом**, цифры проставляют в правом верхнем углу листа [150].	Парақтар қара, жұмсақ, **графит қарындашпен** нөмірленеді, цифрлар парақтың оң жақ жоғарғы бұрышына қойылады [150] .

Екі жолмен аударылатын сөздер

1 Орыс тілінен қазақ тіліне -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнақтары және -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтары арқылы аударылатын сын есімдер

Орыс тіліндегі сын есімдерді қазақ тіліне аударғанда түбір морфемаға қажетті жұрнақты дұрыс жалғау үшін мағына реңктерін ажырата білу керек. **-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті** жұрнақтары бар сын есімдер өз мағынасында анықталып жатқан сөздің-зат есімнің бүкіл мазмұнына толық енетін қасиетті қамтиды, сонда **заттың да, оның сапасының да мәні біртұтас бүтін болады**. Мысалы, *минеральная вода – минералды су*, бұл мағынада «су» ажырамас тұтастықты құрап, түгел «минералдардан» тұрады.

Ал «*минеральный источник – минерал**дық** көз*» деген сөз тіркесінің мағынасын түсінгенде, ойымызға біріншіден, жер қойнауынан су шығатын

жер, екіншіден, минералды су елестейді, яғни бізге екі ұғым беріледі: шығатын жер және минералы бар су. Сын есімді осы мағынада қолданғанда **-лық** жұрнағы қолданылады. Осылайша егер сын есімнің сапалық мәні жоғарырақ болса, онда **-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті** жұрнақтары жалғанады, ал егер сын есім заттық мағынада болса, онда **-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік** жұрнақтары жалғанады.

Орыс тіліндегі сөз тіркестері	Қазақ тіліндегі сөз тіркестері	
	-лық/-лік, -дық/-дік, тық/-тік жұрнақтарымен	**-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтарымен**
Индустриальная зона		Индустрия**лы** аймақ
Индустриально-инновационная программа	Индустрия**лық**-инновациялық бағдарлама	
Лазерный луч		Лазер**лі** сәуле
Лазерный принтер	Лазер**лік** принтер	
Магнитная пластинка		Магнит**ті** таспа
Магнитное притяжение	Магнит**тік** тартыс	
Минеральные ресурсы		Минерал**ды** ресурстар (су)
Минеральный источник	Минерал**дық** көз	
Модульное обучение		Модуль**ді** оқыту
Модульное задание	Модуль**дік** тапсырма	
Моральное назидание		Моральды өсиет
Моральная помощь	Моральдық көмек	
Номинальная цена		Номинал**ды** баға
Акция с номинальной ценой	Номинал**дық** бағасы бар акция	
Отчётный период		Есеп**ті** кезең
Отчётное время	Есеп**тік** кезең	
Рентгеннная съёмка		Рентген**ді** түсіріс
Рентгенная кабина	Рентген**дік** кабина	
Сезонное пастбище		Маусым**ды** жайылым
Сезонная работа	Маусым**дық** жұмыс	
Электронный образец		Электрон**ды** үлгі
Электронный носитель (-ая почта)	Электрон**дық** тасығыш (пошта)	

2 Қазақ тіліне ілік септік және -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнақтары арқылы аударылатын орыс тіліндегі сын есімдер

Егер сын есімнің сапалық мәні жоғарырақ **-лы/-лі, -ды/-ді, -ті/-ты** жұрнақтарының мәндерін сын есім заттық мағынадағы **-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік** жұрнақтарынан ажырату оңай болса, **-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік** жұрнақтары бар сын есімдерді **ілік септіктен** ажырату қиынырақ болады, өйткені екі жағдайда да заттық мағына бар. Бірақ айырмашылықтары бар.

Мысалы, «*банковская система*» – «*банк жүйесі*» деген сөз тіркесінің мағынасында біз екі заттық мағынасы айқын ажыратылатын банктер жүйесін көреміз: «көп банктер» және «олардың жүйесі-схемасы». Ал «*банковская сделка – банктік мәміле*» деген тіркестің мағынасын түсінгенде, біз осы салада жасалатын көптеген іс-әрекеттердің бірі – мәмілені түсінеміз, яғни бұл жерде «банктік» қатыстық сын есімнің сипаттамасы бар заттық мағынасы байқалады.

«Операции банка прошли успешно. – Банк операциялары табысты өтті.» сөйлемінде *операции банка – банк операциялары* сөз тіркесінің мағынасы бізге екі ұғым береді: қандай да бір банк және осы банктегі операциялар.

«Банковские операции охватывают множество услуг. – Банктік операциялар көптеген қызметтерді қамтиды.» сөйлемінде «*банковские операции – банктік операциялар»* сөз тіркесі келесі мағынада қолданылады: «операция» мәні және оның «жалпы банк саласына тән» белгісі.

Салыстырыңыз, *вексельная сделка – вексельдік мәміле*, мағынасы: оқиға мәміле (сделка) + белгісін білдіретін *вексельдік (вексельная*). Сондықтан аударғанда *вексель**дік*** сын есімі **-дік** жұрнағы арқылы қолданылады. Бұл тіркесті вексель мәмілесі деп аударуға болмайды, онда *сделка векселя* болады, мұндай тіркес жоқ. Ал *вексельный аукцион* деген тіркес *вексель аукционы* деп аударылады. Бұл сөз тіркесінің мағынасы: вексельдердің аукционы – екі заттық ұғым.

Осылайша, **жасырын жалғаулары бар ілік септік түріндегі сөздер** заттық мағынаны білдірсе, **-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнақтары бар қатыстық сын есімдер «заттың сынын» білдіреді**.

Орыс тіліндегі сөз тіркестері	**Қазақ тіліндегі сөз тіркестері**	
	Ілік септік тұлға сында	**-лық/-лік,-дық/-дік, тық/-тік жұрнақтары арқылы**
Банковская сделка		Банк**тік** мәміле
Банковская система	Банк жүйесі	
Биржевой курс		Биржа**лық** бағам
Биржевая «яма»	Биржа «шұңғылы»	
Бюджетные средства		Бюджет**тік** қаражат
Бюджетный дефицит (-ая сфера)	Бюджет тапшылығы (саласы)	
Валютная политика (регулирование)		Валюта**лық** саясат (реттеу)
Валютный фонд	Валюта қоры	

Вексельная сделка		Вексель**дік** мәміле
Вексельный аукцион	Вексель аукционы	
Гастрольная командировка		Гастроль**дық** іссапар
Гастрольные расходы	Гастроль шығыстары	
Инвестиционная программа		Инвестиция**лық** бағдарлама
Инвестиционные вклады	Инвестиция салымдары	
Конкурсная документация		Конкурс**тық** құжаттама
Конкурсное задание	Конкурс тапсырмасы	
Платежное требование-поручение		Төлем**дік** талап-тапсырма
Платёжная ведомость	Төлем ведомосы	
Потребительский спрос		Тұтынушы**лық** сұраныс
Потребительский рынок	Тұтыну нарығы	
Рыночная стоимость		Нарық**тық** құн
Рыночная ниша	Нарық тауашасы	
Несырьевой сектор		Шикізат**тық** емес сектор
Сырьевой сектор	Шикізат секторы	
Финансовый кризис		Қаржы**лық** дағдарыс
Финансовый рынок (сектор)	Қаржы нарығы (секторы)	
Экспортная скидка		Экспорт**тық** жеңілдік
Экспортная гарантия	Экспорт кепілдігі	

3 Қазақ тіліне ілік септік және -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтары арқылы аударылатын орыс тіліндегі сын есімдер

Орыс тіліндегі сын есімдерді қазақ тіліне аударғанда, сын есімнің мағынасы заттың белгісінің реңкін толық білдірсе, онда түбір морфемаға **-лы/-лі,-ды/-ді,-ты/-ті** жұрнақтары жалғанады (*пилотный режим – пилот**ты** режим*). «*Пилотты режим*» тіркесінде «*пилотты*» сөзі заттың сынын, «*сынақ*» мағынасын, білдіріп тұр, яғни «*режим*» ұғымы сынақ жағдайында, пилоттық күйде тұр дегенді білдіреді. Зат есім мен сын есімнің мағыналары белгілі бір күйде, сапада тұтас ұғым ретінде қолданылады: «*пилот**ты** режим*». Ал «пилот кабинасы» тіркесі мағынасы екі заттық мағынаны білдіреді: «кабина» және «пилоттар».

Орыс тіліндегі сын есім атауларын қазақ тіліне аударғанда сын есім заттың сынын толық білдірсе, онда түбірге **-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті** жұрнақтары жалғанады: *модель**ді** киім – модельная одежда. Модельді киім* сөз тіркесінде модельді сөзі «сәнді үлгіге сай тігілген», яғни «сәнді киім» деген мағынаны білдіреді. Бұл тіркесте зат есім мен сын есімнің мағыналары белгілі бір сыны бар бір ұғым ретінде жұмсалады: «*модель**ді** киім*».

Ал «*модельный образец – модель үлгісі*» тіркесінің мағынасында «*модель*» және «*үлгі*» деген екі заттық мағына бар. Сондықтан *модельный* сын есімін қазақ тіліне аударғанда жасырын жалғауы бар **ілік септік** формасы қолданылады. Орыс тілінің сын есімі жасырын жалғауы бар ілік септік формасы арқылы аударылған жағдайда заттыққ мағынаға ие болады (*модель үлгісі – модельный образец*). Белгілі бір контекстте бұл тіркесті *образец модели – модель үлгісі* ретінде де аударуға болады. *Модельный образец – образец модели* деген екі тіркестің орыс және қазақ тілдеріндегі мағыналары бірдей, қазақша сөйлемдерде бұл тіркестердің аудармасы бір: *модель үлгісі*.

Орыс тіліндегі сөз тіркестері	**Қазақ тіліндегі сөз тіркестері**	
	Ілік септік тұлғасында	**-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтары арқылы**
Гарантированная оплата (гарантированная ценная бумага)		Кепіл**ді** ақы төлеу (кепілді бағалы қағаз)
Гарантийный вклад (договор)	Кепілдік берілген салым (шарт)	
Модельная одежда		Модель**ді** киім
Модельное бюро	Модельдеу бюросы	
Модельный образец	Модель үлгісі	
Нефтяной регион		Мұнай**лы** аймақ
Нефтяная промышленность	Мұнай өнеркәсібі	
Пилотный режим		Пилот**ты** режим
Пилотная кабина	Пилот кабинасы	
Юридическое лицо		Заң**ды** тұлға
Юридический департамент	Заң департаменті	

Үш жолмен аударылатын сын есімдер

Орыс тіліндегі сөз тіркестері	**Қазақ тіліндегі сөз тіркестері**		
	Ілік септік тұлғасында	**-лық/-лік,-дық/-дік, тық/-тік жұрнақтары арқылы**	**-лы/-лі,-ды/-ді -ты/-ті жұрнақтары арқылы**
Совокупность системных мер			Жүйе**лі** шаралар жиынтығы
Системный подход		Жүйе**лік** көзқарас	
Системный риск	Жүйе тәуекелі		

1 Орыс тілінен қазақ тіліне аударғанда **заттың сынын** білдіретін сын есім қолданылып, біртұтас ұғымның қабылдануын білдірсе, онда **-лы/-лі, -ды/-ді, -ті/-ты** қатыстық сын есім жұрнағы қолданылады. Мысалы, *системные меры – жүйелі шаралар* тіркесі, *системный – жүйелі* сын есімі «жүйелі қайталанатын шаралар» мағынасында қолданылады. «Жүйелі» «шаралардың» сыны болып табылады.

2 **Белгісінің реңкі бар заттылық мағынаны** білдіретін сын есімдер **-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік** қатыстық сын есім жұрнақтарымен жұмсалады. Мысалы, *системный подход – жүйелік көзқарас* тіркесінде *системный – жүйелік* сын есімі «жүйелілік белгісі бар тәсіл» мағынасында жұмсалады.

3 Жасырын жалғауы бар **ілік септік** тұлғасындағы сөз тіркестері орыс тіліндегі сын есімдерді аударғанда, **екі бөлек заттық мағынаны** беру үшін қолданылады. Мысалы, *системный риск – жүйе тәуекелі* сөз тіркесінен «бұл жүйеде кейбір мәселелер (қандай да бір қауіп) бар» екенін түсінеміз. Орыс тіліндегі бұл *системные риски* тіркесі ілік септігі тұлғасында қолданылады – *риски системы*. Жүйе тәуекелі мен жүйелік тәуекелдер тіркестерінің мағынасы бірдей, бірақ әрбір сөз тіркесіне белгілі бір мәнмәтін қажет. Салыстырыңызшы: *магистральды құбыр желісі, магистральдық құрылыс, магистраль құрылысы*.

Магистральды құбыр желісі – **магистраль түрінде салынған құбыр. Белгілі бір сыны бар бірыңғай ұғымның мағынасын -ды жұрнағы бар сын есім қолданады.**

Магистральдық құрылыс – магистраль жанындағы құрылыс (мүмкін БӨП – бақылау-өлшеу пункті). Екі ұғым, бірақ **екінші ұғым** – *магистральдық* – **сын мағынасын білдіреді, -дық** жұрнағы бар сын есім қолданылады. Екі ұғым бар, бірақ екінші ұғым – негізгі ұғым – атрибут мағынасына жұрнақ (магистральдық құрылыс) жалғанған сын есімді қолданады.

Ал *магистраль құрылысы* тіркесі – магистраль өзін салуды, **екі заттық ұғымның** мағынасын білдіреді. Сондықтан **ілік септіктің** тұлғасында қолданылады (*магистарль**дың -дың** жасырын жалғауымен*).

Лазерный луч			Лазер**лі** сәуле
Лазерный принтер		Лазер**лік** принтер	
Луч лазера	Лазер сәулесі		
Магистральный трубопровод			Магистраль**ды** құбыр желісі
Магистральное сооружение		Магистраль**дық** құрылыс	
Строительство магистрали	Магистраль құрылысы		

А. Адельгужин,
құжаттама жасау, құжаттаманы
басқару және құжаттарды архивтік
сақтау жөніндегі сарапшы,
Алматы қ.

Шілде айының құжаты: дәстүрлі тасығышта құжаттың деректемелерін дұрыс ресімдеу және орналастыру

«Құрметті оқырмандар, «Құжатты ресімдеу» бөлімінде біз ай сайын соңғы заң талаптарын ескере отырып, әртүрлі құжаттарды дайындау мен ресімдеудің ерекше белгілерін егжей-тегжейлі талдаймыз. Жаңа шығарылымда шілде айының құжатымен танысып, құжаттың деректемелерінің орналасу схемасын қаншалықты білетініңізді тексеруді ұсынамыз.»

Құжат деректемелері – бұл ресми қағаз түріне байланысты толтырылатын міндетті мәліметтер тізбесі. Бұл ретте қандай да бір деректеменің құрамы мен мазмұны ғана емес, оның қалай ресімделгені және қай жерде орналасқаны да маңызды.

Дәстүрлі тасығыштағы құжат деректемелерінің орналасу схемасы



А4 (210 Х 297) форматы

Дәстүрлі тасығыштағы құжат деректемелерінің құрамы

№	Параметрлері және сипаттамасы
1	**01-деректеме –** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын немесе эмблеманы, логотипті, тауар белгісін (қызмет көрсету белгісін) бейнелеу.
2	**02-деректеме** – ұйымның ресми атауы.
3	**03-деректеме** – ұйым туралы анықтамалық деректер.
4	**04-деректеме** – құжат түрінің атауы.
5	**05-деректеме** – құжаттың датасы.
6	**06-деректеме** – құжаттың тіркеу нөмірі (индексі).
7	**07-деректеме** – кіріс құжаттың тіркеу нөміріне (индексіне) және датасына сілтеме.
8	**08-деректеме** – құжаттың жасалған немесе шығарылған жері.
9	**09-деректеме** – құжатқа қолжетімділікті шектеу грифі.
10	**10-деректеме** – адресат.
11	**11-деректеме** – құжатты бекіту грифі.
12	**12-деректеме** – қарар.
13	**13-деректеме** – құжат мәтініне тақырып.
14	**14-деректеме** – бақылау туралы белгі.
15	**15-деректеме** – құжаттың мәтіні.
16	**16-деректеме** – құжатқа қосымшаның болуы туралы белгі.
17	**17-деректеме** – қолтаңба.
18	**18-деректеме** – құжаттың келісілгені туралы белгі.
19	**19-деректеме** – мөр бедері.
20	**20-деректеме** – құжат көшірмесінің куәландырылғаны туралы белгі.
21	**21-деректеме** – құжаттың орындаушысы туралы белгі.
22	**22-еректеме** – құжаттың орындалғаны және оның іске жіберілгені туралы белгі.
23	**23-деректеме** – құжаттың электрондық көшірмесін сәйкестендіруші.
24	**24-деректеме** – құжаттың ұйымға түскені туралы белгі.

И. Половникова,
«Mone Amour»
ЖК бренд-менеджері,
лайф-коуч, психолог,
Алматы қ.

Кәсіби шаршаудың алдын алу: құлақ салуға тұрарлық үш кеңес

Кәсіби шаршау – күйзеліс аясында дамитын, эмоционалдық және жеке ресурстардың сарқылуына әкелетін синдром. Мұндай жағдайға тап болған адам мәселенің ауқымдылығын толық түсінбейді. Кәсіби шаршау белгілерін қателікпен кәдімгі шаршауға, аздап шамадан тыс жұмыс істеуге және т. б. жатқызады. Шын мәнінде кәсіби шаршау синдромы қандай, оны қалай болдырмауға болады? Талқылап көрейік.

Кәсіби шаршау белгілері

- Кәсіби шаршаудың негізгі белгілері:
- Үнемі көңілсіздік сезімі
- Ашушаңдықтың көбеюі
- Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі
- Уәждеменің болмауы

Ұзақ уақыт бойы синдромды елемеу адам денсаулығына теріс әсер етеді. Кәсіби шаршау синдромы күшейген адамдар ұйқысыздықтан, тұрақты бас ауруы мен ұйқышылдықтан зардап шегеді. Кейбір ерекше ауыр жағдайларда олар алкогольдік сусындарға, темекі өнімдеріне, кейде тіпті есірткіге деген зиянды құмарлықты сезінеді. Кәсіби шаршау жиі созылмалы шаршау және тұлғаның бейәлеуметтік бұзылуы сияқты синдромдармен бірге жүреді.

Кәсіби шаршаудың кезеңдері

Шартты түрде бұл синдромның пайда болуын бірнеше кезеңге бөлуге болады.

1 **Бірінші кезеңде** ұмытшақтық, ұйқышылдық және селқостық сияқты белгілер байқалады. Адамдар әдетте бұл белгілерді шаршаумен байланыстырады немесе оларды мүлдем елемейді, сондықтан шаршау синдромы дами бастайды.

2 **Екінші кезеңде** тұлғаның бейәлеуметтік бұзылуы немесе әлеуметтік селқостық, енжарлықтың күшеюі, ашушаңдықтың көбеюі болады. Адам тұйықталып қалады, туыстарымен немесе әріптестерімен мәселелерді талқылаудан бас тартады, оны ештеңе алаңдатпайтындай етіп көрсетуге тырысады.

3 **Үшінші кезеңде** кәсіби шаршаумен бірге тұлғалық шаршауы байқалады. Адам айналысатын кәсібіне, өз жұмысына, кейде тіпті сүйіп айналысатын ісіне деген қызығушылығын жоғалтады. Бұл кезеңде эмоционалдық жетіспеушілік, алшақтық белгілері пайда болады, сондай-ақ адамның психикалық ғана емес, сонымен қатар физикалық әл-ауқатына да теріс әсер етеді.

Кәсіби шаршау синдромының алдын алу немесе оны еңсеру

Кез келген басқа мәселе сияқты шаршау синдромын жоюдан гөрі алдын алу оңайырақ. Бұл синдромның пайда болуы мен дамуын болдырмау үшін өзіңіздің көңіл күйіңізбен айналысыңыз. Кейбір жағдайларда маманның көмегі қажет болады, бірақ көбінесе бірнеше қарапайым кеңестерді орындау жеткілікті.

1 КЕҢЕС

Көңіл күйіңізге мән беріңіз. Кәсіби шаршаудың бастапқы кезеңдері көп жағдайда кәдімгі қарапайым шаршаумен шатастырылады, ал бұл кәсіби шаршау синдромның дамуына әкеледі. Сіз қандай эмоцияларды бастан кешіретініңізді, сіздің көңіл-күйіңіздің қалай өзгеретінін және бұл күнделікті өмірге қалай әсер ететінін мұқият бақылауыңыз керек.

2 КЕҢЕС

Тұйықталып қалмаңыз. Уайымыңызды жақын адамдарыңызбен бөлісіңіз және проблемамен жалғыз қалудан жаман ештеңе жоқ екенін ұмытпаңыз.

3 КЕҢЕС

Өз ісіңізді жақсы көріңіз. Адам сүймейтін жұмыстың тұтқынына айналғанда, ол кез келген қызмет түрімен айналысуға деген құштарлығын тез жоғалтады. Жұмысыңызда, істеп жатқан ісіңізде, сіз жұмыс істейтін ұйымда сізге не ұнайтынын өзіңіз үшін түсіну маңызды. Теріс жақтарын елемей, жақсы жақтарын көбірек байқауға тырысыңыз.

Әрқашан аталған әдістер көмектесе бермейді. Егер кәсіби шаршау синдромы екінші немесе үшінші кезеңге дейін дамыған болса, білікті психологтың көмегі қажет болуы мүмкін. Ең бастысы, сипатталған белгілерге көз жұмып қалмау, психологиялық көңіл күйді мұқият бақылап отыру және әрбір адамның мұндай проблемаға тап болуы мүмкін екенін ұмытпау.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Өздеріңізді қызықтырған барлық ақпаратты біздің

www.kadry.mcfr.kz,

сайтымыздан алуға, сондай-ақ форумдарда өз пікіріңізбен бөлісіп, әртүрлі жұмыс жағдайларын талқылауға болады.

www.kadry.mcfr.kz
www.kadry.mcfr.kz
www.kadry.mcfr.kz

МЦФЭР-Казахстан

А. Верещагина,
психология ғылымының докторы,
РХШ және МҚА Батыс филиалының
доценті, практик психолог,
Калининград қ.

Жалқаулықпен күресу: сегіз пайдалы кеңес

«Бала кезінде адамдар жалқаулық туралы алаңдамайды. Бірақ ересектер, өздерінің еріншектігі үшін, бір нәрсені ұзақ уақыт созып, жасалмай жүргені үшін өздерін қорлай бастайды. Біз өзімізге маңызды мүмкіндіктерді жіберіп жатқан сияқты, таланттарымызды іске асыра алмай жатқан сияқты көрінеміз. Бұған әріптестердің айыптайтын пікірлері, бастықтың ескертулері, анамыздың реніші, достарымыздың жазғыруы ықпал етеді. Қоғам бекершілікті айыптайды. Егер сен ештеңе жасамасаң, бірақ барлығы жасауың керек деп ойласа, бұл қабілетсіздік немесе әлсіздік белгісі болып саналады. Ал бұл, шынын айтқанда, жағымсыз нәрсе. Жаңа мақалада өз жалқаулығыңызды жеңуге болатынын талқылаймыз, барлық жоспарларыңызды уақытында орындауға көмектесетін пайдалы кеңестер береміз.»

Әрбір адам жоғары өнімді бола алмайды. Біреу өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайды және оны толығымен орындайды. Ал біреу үшін ауыртпалықсыз жұмыс істеу және орташа жалақы алу өте ыңғайлы. Адамдар әртүрлі және олардың өмірге деген ниеттері мен көзқарастары да әртүрлі. Мәселе мынада, кейде тіпті өзіңізге ұнайтын нәрсені жасауға күш болмайды.

Жалқаулық қайдан пайда болады

Жалқаулық еш жерден пайда болмайды. Бұл жағдайдың әрдайым өз себебі бар. Кейде жалқаулық күнделікті және қызықсыз жұмыстан туындайды. Кейде бұл жағдайды жанжалдар туындатады. Жалқаулық әділетсіздікке жауап болуы мүмкін: сіз жобада бірнеше адам жұмыс істейді деп күткен едіңіз, бірақ тек сізге ғана жұмыс істеу керек болып шықты. Нәтижесінде көңіл-күйіңіз нашарлайды, ештеңе істегіңіз келмей қалады, бірдеңе жасауға деген ниетіңіз де мүлдем болмайды. Біз жалқаулықпен: «*Мен жұмыс істеуім керек, жалқаулық деген жаман!*» деп, өзімізді кінәлі сезу арқылы күресуге дағдыланамыз. Бірақ бұл кейде көмектеспейді. Кейде бұл ісімізді одан да ұзақ кешіктіріп жібереді.

Біз уақытты созуымыз мүмкін, өйткені тапсырманы қалай орындау керектігін білмейміз. Немесе теріс бағалаудан қорқып, жаңа жағдайларда қобалжып кетеміз, сондықтан ол істен бас тарту оңайырақ деп ойлаймыз. Бірақ жалқаулықтың себебі қандай болса да, егер ол жоспарыңызды жүзеге асыруыңызға кедергі келтірсе, өнімділікті төмендетсе, сіздің имиджіңізге және қарым-қатынасыңызға теріс әсер етсе, онда бірдеңе істеу керек.

Жалқаулықты қалай жеңу керек

Жағдайды түзетуге көмектесетін бірнеше кеңестер:

1 КЕҢЕС

Сізге шынымен де шамадан тыс жұмыс жүктелген болуы мүмкін. Егер сіз бірден барлығына қарыздар екеніңізді сезінсеңіз, міндеттемелеріңіздің көп екенін сезінсеңіз, ал қысқа уақыт демалғанда ойыңыз бәрібір жұмыс туралы болып тұрса — өз күшіңізді шынымен дұрыс бағалаңыз. Жалқаулық шаршаудың белгісі болуы мүмкін. Ал егер сіз мұны байқамасаңыз, дененің өзі бұл мәселені шеше бастайды, яғни жалқаулық басталады. Міндеттеріңіздің көп болғаны әрине, жақсы, бірақ демалуды ешкім жойған жоқ. Күшіңізді қалпына келтіруге көмектесетін күн режимін белгілеңіз. Содан кейін ынта пайда болады. Бұған қоса, істеріңізді біреуге тапсыруды үйреніңіз, әсіресе күнделікті және қызықсыз істерді. Барлық қызығушылықпен істейтін нәрселерді өзіңізге қалдырыңыз.

2 КЕҢЕС

Айналаңызды бағалаңыз. Қоршаған орта бізге үлкен әсер етеді. Сіздің ортаңыз сізге көмектесе ме, тәртіпке келтіре ме, әлде сізді алаңдатып, тапсырмалардан алшақтата ма? Бәлкім, сіздің айналаңызда өнімсіз жылауықтар мен өсекшілер жиналып алған шығар. Онда айналаңызға өз жұмысын жақсы көретін, шығармашылық танытатын, сізді жетістіктерге шабыттандыратын адамдарды жинап алыңыз.

3 КЕҢЕС

Басымдықтарды белгілеңіз. Уақыт – таптырмас қорымыз. Жұмыс уақытын, бос уақытты, спорт уақытын, ойын-сауық уақытын неге жұмсап

жатқаныңызды ойлап көріңізші? Жоспарланған уақытты «мақсатсыз» пайдаланатыныңызды байқап қаларсыз, бұл барлық жоспарларды бұзады.

4 КЕҢЕС

Мақсаттарыңызды тартымды етіңіз. Сіз барлық жұмыс процестерін мұқият зерттеген болсаңыз да, істеп жатқан ісіңізден жаңа тартымды мағына табыңыз. Көзқарасыңызды талдаңыз: мүмкін сіз жұмысты жаза деп ойлауға дағдыланған шығарсыз. Сонда мұны істемеуге тырысатыныңызға таң қалудың не қажеті бар? Сіз өзіңізге жау емессіз ғой. Жұмысыңызда жақсы және пайдалы нәрсеге – миссияңызға, жақсы және маңызды нәрсені істеп жатқаныңызға көңіл бөліңіз, жоспарларыңызды еске түсіріңіз. Бұл жұмысыңызға көзқарасты өзгертуге, оған жаңа мағына мен құндылық беруге көмектеседі.

5 КЕҢЕС

Өзгерістерді құнсыздандырмаңыз. Жаңа әдеттер өнімділігіңізге қалай әсер ететінін бақылауды үйреніңіз. Тіпті кішігірім жетістіктерге назар аударыңыз – бұл көңіл-күйді өзгертуге, сенімділікке, көңіл көтеруге көмектеседі.

6 КЕҢЕС

Өзіңізге сыйлық беріңіз. Белсенділікпен жағымды қарым-қатынас жасаудың жақсы жолы – өзіңізді қызықтыру. Әрине, марапат сіз үшін мағыналы және жұмыс көлеміне сәйкес болуы керек. Кішігірім белсенділік үшін – кішкентай сыйақы, көп белсенділігіңіз үшін – көбірек сыйақы. Бірте-бірте «жұмыс – сыйлықақы» деген көзқарас қалыптасады, болашақта бұл қағида автоматты түрде, күш жұмсамай жүзеге асады.

7 КЕҢЕС

Таптаурындардан бас тартыңыз. Мынандай таптаурын бар: үлкен нәтиже = көп күш-жігер. Бірақ егер сіз жасағыңыз келмейтін нәрселерге бір минут жұмсасаңыз, бұл жағдайды өзгертеді. Прессті бір сағат бойы емес, тек бір минут жасаңыз. Бұл соншалықты қорқынышты емес және зеріктірмейді. Тапсырманы орындауға болады. Кішкентай қадамдардың өнері осында, аз күш жұмсап, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.

8 КЕҢЕС

Бірсарындылықтан аулақ болыңыз. Әрекеттерді өзгерту – көңіл көтерудің және күнделікті тәртіппен күресудің жақсы тәсілі. Бірсарындылық сізді күйзеліске әкелуі, немесе жалқаулыққа айналуы мүмкін. Күніңізді белсенді және қызықты етіңіз, сонда жұмыс сізге абақты сияқты көрінбейді.

Осы уақытқа дейін жалқаулықтың емін ешкім ойлап тапқан жоқ. Бұл қасіретті жеңудің бірден-бір жолы – тапсырмаға көңіл бөлу және оны аяқтау. Мақсатқа жету үшін адам өзін-өзі тәрбиелеу керек. Өзіңізбен дәл қазір жұмыс істей бастаңыз!

А. Верещагина,
психология ғылымының докторы,
РХШ және МҚА Батыс филиалының
доценті, практик психолог,
Калининград қ.

Тест: Сіз жалқаусыз ба?

«Тесттен өтіп, қаншалықты жалқау екеніңізді біліңіз»

Мұны анықтау үшін ұсынылған барлық «иә» немесе «жоқ» тұжырымдарына шынайы жауап беріңіз, содан кейін нәтижені есептеп, оны тесттің соңындағы нәтижемен салыстырыңыз.

Тұжырымдар:

1. Мен үйде жалғыз болмасам, отбасымнан басқа біреу жасайды деп үміттеніп, телефонның немесе домофонның тұтқасын ешқашан көтермеймін.
2. Жұмысқа, жаттығуға және басқа жерлерге жиі кешігіп қаламын.
3. 2–3 аялдама жаяу жүру керек болса да, автобусты немесе трамвайды күтіп, осы қашықтықты көлікпен жүріп өткенді жөн көремін.
4. Таңертеңгілік жаттығуларды және жалпы физикалық белсенділікті ұнатпаймын.
5. Мен теледидарды қараған кезде немесе кітап оқыған кезде үнемі диванда жатамын.
6. Күн сайын бір-екі сағатты ештеңе істемей өткіземін. Мен армандап жатамын немесе еш мақсатсыз төбеге қарап жатамын.
7. Жұмыстан кейін өз бастамаммен өзін-өзі дамытумен сирек айналысамын.

8. Жақын жерде қоқыс жәшігі болмаса, жерге тастаймын.

9. Дүкенге бару үшін, мысалы, азық-түлік алып келу үшін жақындарым маған ұзақ жалынуға мәжбүр болады.

10. Үйді тазалаған кезде төсектің астын және жиһаздың артын ешқашан сыпырмаймын.

11. Әріптестерімнің бірімен бірігіп жұмыс жасасам, мүмкіндігінше оған көбірек істетуге тырысамын.

12. Газет, журнал және басқа да қосымша әдебиеттерді оқымаймын.

13. Мен ешқашан ыдыс жумаймын, аяқ киім мен киімімді тазаламаймын, өйткені осы істерді шынымен де ұнатпаймын.

14. Жұмыстың нәтижесі жалпы есепке жазылса, қатты беріліп істеуге негіз жоқ деп ойлаймын.

Нәтижесі:

0-ден 3 ұпайға дейін. Сізде тіпті жалқаулыққа деген сылтау да жоқ. Сіз жігерлі және белсендісіз. Әрқашан осындай болыңыз.

4-тен 8 ұпайға дейін. Көптеген адамдар сияқты, сіз де жалқаулыққа жақынсыз, бірақ сіз норма шегіндесіз деп айтуға болады. Дегенмен, ерік-жігеріңізді күшейтіп, кейбір әдеттерден бас тартқаныңыз жөн, мысалы, әрдайым дүкенге барар алдында жақын адамдарыңызбен ұрысуды тоқтату керек.

Құрметті оқырмандар, сіздерден «Кәсіби сергіту сәті» айдарының тақырыптарын жинақтауға тікелей атсалысуларыңызды сұраймыз. Идеяларыңыз бен тілектеріңізді мына мекенжай бойынша жібере аласыздар: 050009, Алматы қ., Шевченко көш., 165б/72г, Радостовец көш. қиыл., 712–кеңсе, немесе электрондық пошта бойынша: kadry.otk2@mcfr.kz, head.kadry@mcfr.kz, міндетті түрде айдарды көрсету қажет.

ОҚЫРМАН САУАЛЫ

Жұмыс беруші жұмыскерлерден жеке өз қолдарымен жазылған өтініштерді талап етуге міндетті ме?

Қазіргі уақытта ұйымдардағы құжат айналымы тәртібін реттейтін еңбек заңнамасы да, нормативтік құқықтық актілер де жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы өтініш немесе өзге хат алмасу құжаттары мәтінінің өз қолымен жазылуы туралы арнайы талаптар қоймайды. Заңнамада жұмыс берушінің жұмыскерден тек өз қолымен жазылған өтінішті немесе хатты қабылдайтын міндеттері көзделмеген. Заңнаманың талаптарында өтініш немесе өзге құжатқа тек жұмыскердің өзі ғана қол қоюы тиіс екендігі көрсетілген.

ТОЛЫҚ ЖАУАПТЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕДЕН ҚАРАҢЫЗ

ACTUALIS:
КАДРОВОЕ ДЕЛО
www.vip-kadry.mcfr.kz

Шаршаудың нақты белгілерінен құтылу үшін қандай демалыс түрін таңдау керек

Демалыс түрлері / Шаршаудың қандай белгілерін еңсеруге көмектеседі	Дене: массаж, физио- және СПА рәсімдері, жағажай, ұйықтау	Зияткерлік: кино, театр, экскурсиялар, көрмелер	Эмоционалды: медитация, ән айту, би билеу	Шығармашылық: сурет салу, өз қолымен бір нәрсе жасау	Рухани: ретриттер, трансформациялық турлар	Белсенді: жаяу серуендеу, экстремалды спорт, саяхаттау, достармен демалу
Ашулану, жанжалдасу, сабырсыздық	●		●			
Жұмыс тапсырмаларын орындай алмау, алаңғасарлық	●	●		●		●
Тапсырмалардың әдеттегі санының аясында тез шаршау	●		●		●	
Селқостық, дамуды қаламау		●	●	●		●
Физикалық жайсыздық, бұлшықет ауруы, арқадағы ауырсыну	●		●		●	
Ұйқысыздық, тұрақты бас ауруы	●		●	●		●
Ешқандай себепсіз салмақ қосу немесе жоғалту	●		●	●		●
Аллергиялық реакциялар	●		●		●	

Сұраққа жауап беретін: Ш. Әбдіғалиқызы,
іскерлік әкімшілік магистрі,
бизнес-тренер, Алматы қ.

Жұмыскер еңбек кітапшасын жоғалтып алып, көшірмесін берді. Көшірмені ресми құжат деп санап, жұмыскердің атқаратын қызметі бойынша еңбек өтілін есептеуге болады ма?

Еңбек кітапшасын нотариалдық, сондай-ақ жұмыскер жұмыс істеген ұйымда да куәландыруға болады. Заңнамалық, нормативтік құқықтық актілерге сәйкес куәландырылған көшірменің заңдық күші бар. Еңбек кітапшасының көшірмесін парақтап растау қажет. Ол үшін еңбек кітапшасының әрбір бетінде Құжаттама жасау қағидаларының 36-тармағына сәйкес құжат көшірмесінің түпнұсқамен сәйкестігін куәландыру үшін «Көшірмесі дұрыс» (тырнақшасыз) деген куәландыру жазбасы, көшірмені куәландырған адамның лауазымының атауы, жеке қолы, қол қойған адам қолтаңбасының толық жазылуы (есімінің инициалы мен тегі), **ұйым мөрінің бедері** (бар болса), куәландыру датасы қойылады.

Куәландыру жазбалары көк сиямен жазылуы керек. Жазбалар мөрмен жабылмауы керек. Екі жақты көшірмелерді жасауға тыйым салынады.

Еңбек кітапшаларын жүргізу және сақтау қағидаларының 5-тармағына сәйкес ұйымда еңбек кітапшаларымен жұмыс істеуге уәкілетті тұлға жұмыс берушінің актісімен тағайындалады, ол да еңбек кітапшаларын куәландыра алады. Жұмыскердің еңбек өтілін растау үшін қызметкер жұмыс істеген ұйымға ресми жазбаша сұрау салуға болады.

Сондай-ақ ҚР ЕК 35-бабына сәйкес мына құжаттардың кез келгені:

1) **еңбек кітапшасы**;

2) тоқтату күні мен **оны тоқтатудың негізі** туралы жұмыс берушінің белгісі бар **еңбек шарты**;

3) еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын **жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер**;

4) жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

5) жұмыс беруші қол қойған және мөрімен (ол болған кезде) растаған **қызметтік тізім** (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

6) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;

7) жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;

7-1) дуальды оқыту туралы шарт;

8) жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған **архивтік анықтама**;

9) еңбек қатынастарының болуын растайтын заңды фактіні анықтау туралы соттың заңды күшіне енген шешімі **жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат** болуы мүмкін.

Жұмыстан шығып кеткен жұмыскердің табельдік нөмірі жаңадан келген жұмыскерге беріледі ме, әлде табельдік нөмірлерді әрі қарай рет-ретімен қою қажет пе?

Табельдік нөмір – қызметкерге тағайындалған бірегей цифрлық код.

Ол ішкі пайдалану үшін қажет. Олар істелген жұмысты есепке алу құжаттарында, жеке құрам бойынша бұйрықтарда және т. б. қолданылады. Жұмыскерлерді анықтауға мүмкіндік беретін табельдік нөмірлер жұмыс берушімен еңбек шартын жасасқан жұмыскерлерге беріледі.

Әрбір жаңа жұмыскерге табельдік нөмір хронологиялық тәртіпте беріледі және ол жұмыс берушіде жұмыс істеген бүкіл кезең ішінде сақталады. Жұмыскер басқа құрылымдық бөлімшеге ауысса немесе оның төлқұжат деректері өзгерсе де, алынған код өзгермейді. Жұмыскер жұмыстан босатылған кезде оның **табельдік нөмірі жаңа жұмыскерге берілмейді**. Ал егер жұмыскер жұмыстан шығарылғаннан кейін қайтып оралуды шешсе, оған бұрынғы табельдік нөмірі қайтадан беріледі.

Ұйымның Еңбек тәртіптемесінің қағидалары қалай бекітіледі: директордың қолымен бе, әлде бұйрықпен бе? Құжат 2021 жылғы қаңтарда бекітілсе, бұл заң бұзушылық болмай ма? Әлде 2022 жылмен бекіту керек пе? ЖШС-де алты тұрақты және 17 маусымдық жұмыскер бар. Маусымдық жұмыскерлерді Еңбек тәртіптемесінің қағидаларымен таныстыру қажет пе?

Құжатты арнайы шығарылған құжатпен бекіту бекітілген құжатты ресімдеуге қосымша түсініктемелер талап етілетін жағдайларда қолданылады. Мысалы, бұйрықпен ұйымдағы Іс қағаздарын жүргізу

қағидалары бекітіледі. Кез келген ұйымда осы бұйрықты және, сәйкесінше, Іс қағаздарын жүргізу қағидаларын жұмыскерлердің назарына жеткізу, сондай-ақ осы Қағидалармен танысу үшін уақыт қажет. Сондықтан, бұйрыққа қол қою және Іс қағаздарын жүргізу қағидаларын бекіту және күшіне ену мерзімдері әртүрлі болуы мүмкін, ол бұйрықта көрсетіледі.

Сондай-ақ бұйрықта бұйрықпен және Іс қағаздарын жүргізу қағидаларымен таныстырылуға тиіс жұмыскерлердің тізімі және оны орындауға тиіс кезең көрсетіледі. Бұйрықта әдетте оның орындалуын бақылауға міндетті жұмыскерлердің толық аты-жөні көрсетіледі. Егер мұндай тұжырым болмаса, онда бұйрықтың орындалуын бақылауды бұйрыққа (өкімге) қол қойған лауазымды адам жүзеге асырады.

Осылайша, қандай да бір құжатты бекіту үшін әкімшілік құжатты шығару тек қажетті түсініктемелерді беруге ғана емес, сонымен қатар бекітілген құжаттың өзіне ғана емес, оны қалай тиімді түрде қолданысқа енгізуге байланысты жұмысты реттеуге мүмкіндік береді.

ҚР ЕК 63-бабының 1-тармағына сәйкес Еңбек тәртіптемесінің қағидаларын жұмыс беруші бекітеді. Еңбек тәртіптемесінің қағидалары **бұйрықпен**, сондай-ақ құжаттың бланкісінде «**Бекітілді**» грифін қою арқылы қолданысқа енгізіледі.

Құжатты бірінші басшының бекітуі. Егер құжатты бірінші басшы бекітсе, бекітілген құжат дербес құжат ретінде пайдаланылады.

Құжаттың датасы. Еңбек тәртіптемесінің қағидалары ағымдағы оқиғаларға байланысты жасалғандықтан, оларды 2021 жылмен белгілеу қажет.

Жұмыскерлерді ішкі құжаттармен таныстыру. ҚР ЕК 30-бабының 1-тармағына сәйкес еңбек шарты:

1) белгіленбеген мерзімге;
2) бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге;
3) белгілі бір жұмыстың орындалу уақытына;
4) уақытша болмаған жұмыскерді алмастыру уақытына;
5) **маусымдық жұмысты орындау уақытына**;
6) шетелдік жұмыскерлермен жасалуы мүмкін.

Яғни маусымдық жұмыскерлер ұйымның штаттық жұмыскерлері болып табылады.

ҚР ЕК 23-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес **жұмыс беруіші жұмыскерді** ұжымдық шартпен, **еңбек тәртіптемесінің қағидаларымен**, жұмыс берушінің жұмыскердің жұмысына (еңбек функциясына) тікелей қатысы бар өзге де актілерімен және осы Кодексте көзделген жағдайларда жұмыс берушінің басқа да актілерімен жеке-дара немесе оларды курьерлік пошта байланысы, пошта байланысы, факсимильді байланыс, электрондық пошта және өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жіберу жолымен **таныстыруға міндетті**.

Сондықтан жұмыс беруші маусымдық жұмыскерлерді ұйымның Еңбек тәртіптемесінің қағидаларымен таныстыруға тиіс.

Заң бөлімі бірінші басшының жұмысын жеңілдеткісі келді. Олар құжаттарға (еңбек демалысын беру, жұмысқа қабылдау, ауыстыру, жұмыстан босату туралы өтініш) факсимиле қоюды ұсынады. Бұл бұзушылық болады ма?

Құжаттама жасау қағидаларының 31-бабына сәйкес **құжаттың түпнұсқасына факсимиле қою арқылы қол қоюға рұқсат етілмейді**.

Жұмыскерлердің өтініштері ресми құжаттарға жатпайды, олар тек ресми құжаттардың (бұйрықтардың) түпнұсқаларын шығару үшін негіз болып табылады. Сондықтан жұмыскерлердің өтініштеріне факсимиле арқылы бірінші басшының қолын қою заң бұзушылық болып табылмайды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және архивтер комитетінің Әдістемелік кеңесінің 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 1 хаттамасымен ұсынылған Мемлекеттік қызметшілердің жеке істерін ресімдеу, сақтау және есепке алу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жұмыскерлерді қабылдау, ауыстыру, жұмыстан босату туралы өз қолымен жазылған өтініштер жұмыскердің еңбек өтіліне әсер ететін жеке құрам бойынша бұйрықтар үшін негіз болып табылады. Олар жұмыскердің жеке ісінде барлық басқа құжаттармен бірге жұмыскер жұмыстан босатылғаннан кейін 75 жыл бойы сақталады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесінің 489-бабына сәйкес еңбек демалысын беру туралы өтініштер жеке істерде сақталады, себебі **сақтау мерзімі 5 жыл** уақытша құжаттар болып табылады.

Бір бұйрықпен және бір күнмен 2 500 адамды жұмысқа қабылдауды, сонымен қатар бірнеше жұмыскерді ауыстыруды ресімдеуге бола ма?

Жұмыскерлер әртүрлі қызметке, әртүрлі құрылымдық бөлімшелерге қабылданса, бір бұйрықпен 2 500 адамды жұмысқа қабылдау **мүмкін емес**. Яғни, бір бұйрықта бірнеше тармақты әртүрлі жұмыскерлер үшін бөлек ресімдеуге болмайды, өйткені бұйрықтың түпнұсқасынан көшірме жасап, оны кадрлар жөніндегі маман куәландырады және жұмыскердің жеке ісіне тігеді. Барлық жұмыскерлерге жеке іс бастайды.

Жұмысқа қабылдау, ауыстыру, жұмыстан босату туралы бұйрықтар жұмыскердің еңбек өтілін растайтын құжаттарға жатады. Сондықтан аталған бұйрық түрлерінің (сонымен қатар жаза қолдану туралы бұйрықтардың) куәландырылған көшірмелері жұмыскерлердің жеке істерінде болуы керек. Еңбек демалысын беру және іссапарға жіберу туралы бұйрықтарды көшірмелерін жеке іске салмайды.

Осылайша, әртүрлі жұмыскерлер үшін әр тармақта әртүрлі мәтіні бар жұмысқа қабылдау туралы бірнеше тармағы бар бір бұйрықты жасауға болмайды. Өйткені Дербес деректер туралы заңның 11-бабына сәйкес қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізе алатын меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімі не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмелері және басқа құжаттары бар жеке істер шектеулі дербес деректерге жатады. Кәсіптік, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректер өздеріне белгілі болған адамдар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

Жоғарыда көрсетілген ақпарат ауыстыру туралы бұйрықтарға да жатады, егер оларда жекелеген жұмыскерлерді әртүрлі ауыстыру бойынша бірден бірнеше тармақтар болса: жұмыскерлер бұйрықта басқа жұмыскер туралы ақпаратты көрмеуге тиіс, егер бұйрық мазмұны жағынан оның бұйрығының мазмұнынан ерекшеленетін болса.

Бірнеше адамды жұмысқа қабылдау туралы бір бұйрықты жасауға болады, егер бұйрықтың мәтіні бірдей болса және барлық жұмыскерлерге қатысты болса (бір қабылдау күні, қабылданған барлық жұмыскерлердің лауазымы бір болса, барлығы бір құрылымдық бөлімшеге қабылданған болса) және оған жұмыскерлердің тізімін қоса беруге болады. Алайда, егер бірнеше адамға жұмысқа қабылдау туралы бір бұйрық ресімделсе де, әрбір жұмыскердің жеке ісіне тек өзіне ғана ресімделген жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың жеке куәландырылған үзінді көшірмесін салып қою қажет.

